



ПСИХОМЕТРИЯЛЫҚ ТЕСТІЛЕУ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЕМТИХАН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ



Бекітемін
Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ
«Жоғары медициналық
колледжі» КМК
директоры
Ж.М.Молдакулов
«03» 04 2026 ж.

Қабылдау комиссиясының отырысында қаралған және бекітілген
« 03 » 04 2026 ж. № 03 хаттама

№ 02.1-02 іс номенклатурасы бойынша	Тіркеу № 146 «03» 07 2026 ж. Дана., бет. 5
Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» КМК түсушілер (талапкерлер) үшін ПСИХОМЕТРИЯЛЫҚ ТЕСТІЛЕУ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЕМТИХАН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	
Өзірленген: Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы	
 Ш.Е. Каштаева	



ПСИХОМЕТРИЯЛЫҚ ТЕСТІЛЕУ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЕМТИХАН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Кіріспе

Медицина саласындағы жоғары білікті маманды даярлаудың басты факторларының бірі – талапкердің оқу орнына қабылдау кезеңінде психологиялық дайындығы мен медицинаға бейімділігін анықтау болып табылады. Медицина қызметкері мамандығы кәсіби терең біліммен қатар, талапкерлердің жеке психологиялық қасиеттерінің болуын да талап етеді.

Кәсіби бағдарлы психометриялық тестілеудің негізгі мақсаты – талапкердің аналитикалық қабілеттерін, әлеуметтік бейімделуін, мінез-құлқын, жедел әрекет ету және шешім қабылдау қабілетін, сондай-ақ моральдық-этикалық және гуманистік қағидаларын бағалау болып табылады. Психометриялық тестілеу Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» КМК (бұдан әрі – ЖМК) талапкерлерінің кәсіби және жеке тұлғалық сәйкестігін зерттеуге бағытталған.

2. Нормативтік сілтемелер

Бұл Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтеме жасалған:
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына, республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың олимпиадалық резервтің мамандандырылған мектеп-интернат-колледждерін, сондай-ақ облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарын қоспағанда, оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы», «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша оқу-әдістемелік бірлестігінің ұсынымдары.

3. Жалпы ережелер

3.1. Психометриялық тестілеуге және арнаулы емтиханға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығының және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығының талаптарына сәйкес құжаттар топтамасын толық тапсырған талапкерлер жіберіледі.

3.2. Мемлекеттік білім беру тапсырысы (бюджет) негізінде оқуға түсушілер үшін арнайы емтихан мен психометриялық тестілеу күнтізбелік жылдың 15 тамызына дейін, ал негізгі орта және жалпы орта білім базасында ақылы негізде оқуға түсушілер үшін 2026 жылғы 25 тамызға дейін өткізіледі.

3.3. Колледждің ресми сайтында психометриялық тестілеу мен арнайы емтиханды өткізу кестесі орналастырылады.

3.4. Психометриялық тестілеу мен арнайы емтиханның өткізілетін күні, уақыты және орны туралы ақпарат талапкерлерге «Электрондық үкімет» веб-порталының (бұдан әрі – Портал) 1414 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы SMS-хабарлама жіберу жолымен жеткізіледі.

3.5. Психометриялық тестілеуге және арнайы емтиханға жіберу талапкердің жеке басын міндетті түрде сәйкестендіру арқылы жүзеге асырылады (жеке куәлігін және/немесе туу туралы куәлігін көрсету).

3.6. Талапкерлер психометриялық тестілеу мен арнайы емтиханды өткізу туралы Ережемен Колледждің www.medcollege.kz ресми сайтында таныса алады.

3.7. Талапкердің ата-анасы немесе заңды өкілдері талапкердің психометриялық тестілеуге және арнайы емтиханға уақытылы келуін қамтамасыз етеді.

3.8. Психометриялық тестілеу мен арнаулы емтиханды өткізу үрдісі бейнежазба арқылы тіркеледі.

4. Психометриялық тестілеу өткізу тәртібі

4.1. Тестілеу талапкердің таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілінде өткізіледі.



ПСИХОМЕТРИЯЛЫҚ ТЕСТІЛЕУ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЕМТИХАН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

4.2. Психометриялық тестілеу үш блоктан тұрады және барлығы 64 сұрақты қамтиды. Сұрақтар талапкердің кәсіби жарамдылығын анықтауға бағытталған. Тестілеудің жалпы уақыты - 40 минут. Тестілеудің барлық 3 блогынан сәтті өткен жағдайда, 1-ші, 2-ші және 3-ші блоктың сандық нәтижелері жинақталып, психометриялық тестілеудің жалпы балын құрайды. Психометриялық тестілеу қорытындысы бойынша ең жоғары нәтиже (көрсеткіш) 5 баллды құрайды.

4.3. Әр блок үшін ең төменгі өту шегі-1 балл. Үш блоктың бірінде 1 балдан кем жинаған талапкерлерге мемлекеттік білім беру грантын бөлу жөніндегі конкурсқа қатысуға жол берілмейді.

4.4. Психометриялық тестілеуді өткізу кезінде рұқсат етілмейді:

- ✓ қосымша ұялы телефондарды, смартфондарды, электронды гаджеттерді, оқу әдебиеттерін, жазбаларды және т. б. пайдалану;
- ✓ басқа адамдармен сөйлесуге, алаңдауға, орын ауыстыруға және тестілеу өтіп жатқан аудиториядан шығуға.

4.5. Себебіне қарамастан, талапкер психометриялық тестілеуден өз бетінше шыққан жағдайда, талапкер үшін тестілеу аяқталды деп есептеледі.

4.6. 4.4-тармақ бұзылған жағдайда талапкер үшін тестілеу аяқталады, психометриялық тестілеу нәтижелері есептелмейді және 0 баллға бағаланады, ол туралы акт жасалады.

4.7. Қайта тестілеуге рұқсат берілмейді:

- ✓ егер талапкер келмеу себебіне қарамастан тестілеуден өту үшін байланысқа шықпаған жағдайда;
- ✓ талапкер осы Ереженің 4.4 және 4.5-тармақтарын бұзған жағдайда;

4.8. Талапкердің психометриялық тестілеу нәтижелері апелляцияға жатпайды.

5. Арнайы емтихан өткізу тәртібі

Психометриялық тестілеуден өткен талапкерлер ғана арнайы емтиханға жіберіледі.

5.1. Арнайы емтихан талапкердің таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілінде өткізіледі.

5.2. Арнайы емтихан тестілеу түрінде өтеді.

5.3. Емтиханның мақсаты - талапкерлердің абейіндік пән бойынша білім деңгейін объективті бағалау (осы Ереженің №1 қосымшасы).

5.4. Тест сұрақтарының саны – 50, әрқайсысында бір дұрыс жауап бар. Бір тест тапсырмасына 1 минут беріледі.

5.5. Емтихан тесттерін колледждің емтихан комиссиясы оқу бағдарламасының талаптарын сақтай отырып қалыптастырады.

5.6. Арнайы емтихан тақырыптарының тізбесімен (тесттердің техникалық спецификациясымен) талапкерлер Колледждің www.medcollege.kz ресми сайтында таныса алады.

5.7. Арнайы емтихан өткізу кезінде рұқсат етілмейді:

- ✓ қосымша ұялы телефондарды, смартфондарды, электронды гаджеттерді, оқу әдебиеттерін, жазбаларды және т. б. пайдалану;
- ✓ басқа адамдармен сөйлесуге, алаңдауға, орын ауыстыруға және тестілеу өтіп жатқан аудиториядан шығуға.

5.8. Себебіне қарамастан, талапкер емтиханнан өз бетінше шыққан жағдайда, талапкер үшін тестілеу аяқталды деп есептеледі.

5.9. 5.7-тармақ бұзылған жағдайда талапкер үшін тестілеу аяқталады, емтихан нәтижелері есептелмейді және 0 баллға бағаланады, ол туралы акт жасалады.

5.10. Арнайы емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді:

- ✓ талапкер қандай да бір себеппен емтиханға келмеген жағдайда;
- ✓ осы Ереженің 5.7 және 5.8 тармақтарын бұзған жағдайда.

5.11. Емтихан нәтижелерімен келіспеген тұлға апелляцияға өтініш беруге құқылы. Апелляцияға өтініш апелляциялық комиссияға даулы сұрақтың/жауаптың нұсқасын көрсете



ПСИХОМЕТРИЯЛЫҚ ТЕСТІЛЕУ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЕМТИХАН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

отырып, емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күнгі сағат 13:00-ге дейін беріледі және өтініш берілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің қатысуымен апелляциялық комиссияда қаралады.

6. Нәтижелерді бағалау

6.1. Психометриялық тестілеу нәтижелері «Жіберілді» / «Жіберілмеді» түрінде бағаланады.

6.2. Арнайы емтихан нәтижелері дәстүрлі бағалау жүйесі бойынша «2», «3», «4», «5» бағаларымен бағаланады.

6.2.1. Әр дұрыс жауап үшін талапкерге 2 балл беріледі.

6.2.2. Ең жоғары балл саны — 100 балл.

6.2.3. Бағалау шкаласы:

Цифрлық эквивалент (балл)	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
5	95-100	Өте жақсы
	90-94	
4	85-89	Жақсы
	80-84	
	75-79	
	70-74	
3	65-69	Қанағаттанарлық
	60-64	
	55-59	
	50-54	
2	0-49	Қанағаттанарлықсыз

7. Қорытынды ережелер

7.1. Арнайы емтихандар мен психометриялық тестілеуді өткізу кезеңінде аудио және бейнежазба жүргізіледі. Жазбалар Колледждің архивінде кемінде бір жыл сақталады.

7.2. Барлық емтихан материалдары колледжде бір жыл сақталады.

7.3. Арнайы емтихан мен психометриялық тестілеудің нәтижелері емтихандар мен тестілеу аяқталғаннан кейін бір жұмыс күнінен кешіктірілмей жарияланып, Колледждің ресми сайтында орналастырылады.

7.4. Арнайы емтиханның және психометриялық тестілеудің нәтижелері мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылдау конкурсына қатысу үшін Колледж тарапынан Ұлттық білім беру деректер қорының (ҰБДҚ) ақпараттық жүйесіне жолданады.

7.5. Психометриялық тестілеу нәтижесі бойынша «Жіберілмеді» қорытындысын алған және/немесе арнаулы емтиханнан «2» (қанағаттанарлықсыз) бағасын алған талапкер конкурсқа жіберілмейді.

7.6. Емтихан комиссиясының төрағасы емтиханды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты болып табылады.



ПСИХОМЕТРИЯЛЫҚ ТЕСТІЛЕУ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЕМТИХАН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

№1 Қосымша

Мамандығы бойынша бейінді пәннен арнаулы емтихан

Техникалық және кәсіптік білім мамандықтарының коды	Мамандықтың атауы	Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны	
		Негізгі орта (жалпы негізгі) білім базасында	Орта (жалпы орта) білім базасында
091 Денсаулық сақтау			
09110100	Стоматология	Кәсіби бейімділікті анықтауға арналған тестілеу және бейінді пән бойынша арнаулы емтихан (Биология)	Кәсіби бейімділікті анықтауға арналған тестілеу және бейінді пән бойынша арнаулы емтихан (Биология)
09120100	Емдеу ісі	Кәсіби бейімділікті анықтауға арналған тестілеу және бейінді пән бойынша арнаулы емтихан (Биология)	Кәсіби бейімділікті анықтауға арналған тестілеу және бейінді пән бойынша арнаулы емтихан (Биология)
09130100	Мейіргер ісі	Кәсіби бейімділікті анықтауға арналған тестілеу және бейінді пән бойынша арнаулы емтихан (Биология)	Кәсіби бейімділікті анықтауға арналған тестілеу және бейінді пән бойынша арнаулы емтихан (Биология)
09130200	Акушерлік іс	-	Кәсіби бейімділікті анықтауға арналған тестілеу және бейінді пән бойынша арнаулы емтихан (Биология)
09140100	Лабораториялық диагностика	Кәсіби бейімділікті анықтауға арналған тестілеу және бейінді пән бойынша арнаулы емтихан (Биология)	Кәсіби бейімділікті анықтауға арналған тестілеу және бейінді пән бойынша арнаулы емтихан (Биология)
09160100	Фармация	-	Кәсіби бейімділікті анықтауға арналған тестілеу және бейінді пән бойынша арнаулы емтихан (Химия)
09880100	Гигиена и эпидемиология	-	Кәсіби бейімділікті анықтауға арналған тестілеу және бейінді пән бойынша арнаулы емтихан (Биология)
09110200	Ортопедиялық стоматология	Кәсіби бейімділікті анықтауға арналған тестілеу және бейінді пән бойынша арнаулы емтихан (Биология)	Кәсіби бейімділікті анықтауға арналған тестілеу және бейінді пән бойынша арнаулы емтихан (Биология)